

Заңнама мәселелері талқыланды

Облыс орталығындағы ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған **«Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың басым бағыттары»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция жұмысына Ресейдің жоғары оқу орындарының ғалым – профессорлары, оқытушылары, жергілікті атқару органдарының, департамент және басқармаларының өкілдері, мамандары қатысты.

Пленарлық отырысты академияның бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі М.Қызылов кіріспе сөзбен ашты. Сол секілді отырыста «Нұр Отан» партиясы орталық аппараты ұйымдастыру-бақылау департаменті директорының орынбасары, «Нұр Отан» партиясы жанындағы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңесінің хатшысы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент С.Галиев, Ресей ЖОФҚ Воронеж институтының азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, ішкі қызмет подполковнигі Ю.Помогалова, Ресей ЖОФҚ Академиясы (Рязань қ.) қылмыстық-атқару жүйесі қызметін ұйымдастыру және басқару кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, ішкі қызмет полковнигі А.Долинин, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің философия кафедрасының меңгерушісі философия ғылымдарының докторы, профессоры С.Қолдыбаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Момышұлы атындағы оқу орталығының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, полиция полковнигі Б.Тойлыбаев, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы А.Скаков, Қостанай облыстық сотының судьясы, Челябинск мемлекеттік университетінің Қостанай филиалы құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты В.Шакунов сөз сөйледі.

Шешендер өз баяндамаларында қазақстандық құқықтық жүйесінің негізі конституциялық құқық болып болып табылатындығын, Қазақстан Республикасының жаңа заңнамасын жетілдірудің өзекті мәселелері, заңдылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық қорғау органдары, қызметкерлерін кәсіби даярлаудың тәжірибесі мен оны дамытудың келешегі, мамандар даярлауда оқытудың жаңа технологияларын қолдану, Ресей қылмыстық-атқару жүйесін кадрлармен қамтамасыз етудің актуальдық бағыты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сот жүйесіндегі өзгерістер, қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызмет жүйесін реформалауда заңгерлік білім мен құқықтық тәрбие берудегі өзекті пікірлерін білдірді.

Ал, конференцияның секциялары «Қазақстан Республикасының жаңа заңнамасын жетілдірудің өзекті мәселелері», «Құқыққорғау органдары қызметкерлерін кәсіби даярлаудың тәжірибесі мен дамыту келешегі» тақырыптарында өтті. Сонымен қатар Ресей делегациясының ғалым –

өкілдері ҚР ІМ Қостанай академиясының күндізгі оқыту факультетінің тыңдаушылары алдында дәрістер оқыды.



Гүлназым САҒИТОВА